мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Ордгурмүш бейнесі арқылы әңгіме болады [1]. Орта ғасырлық Шығыс ойлылдарына тән үйлесім - танымды көркем және ғылыми әдістермен және ғылыми әдістермен ұштастыра қолдану Жүсіп Баласағұн ғибратында суреткерлік, ойшылдық, ғұламалық, философтық қасиеттердің үйлесім табуынан, ғылым даналығының біртұтастығынан көрінеді. Түркі мәдениетінің нәрлі бұлағынан сусындап, мұсылман өркениетінің қуатты ықпалымен толысқан ойшыл өз шығармашылығында адамның қоғамдағы орны мен қызметін түсінуге ұмтылып, мінсіз қоғам жайындағы өзінің билік философиясы мұраттарын баяндайды. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» өмір мәні пайымдалып, жалпы адамзаттық рухани байлықтар – мұрат, дін, этика, өнер және даналықтың мәні сараланған. Жүсіп Баласағұн ақиқатқа жету жолын адам мен әлемнің, ұлы ғалам мен микроғаламның үйлесімді болуы туралы қағидаға негіздейді. Төрт құдірет – от, су, ауа, жер жайлы ежелгі дәуірдің философиялық түсінігіне сүйене отырып, ойшыл әлем осы төрттағанның үйлесімінен жаралған деп санайды. Осындай тағы бір төрттаған Жүсіп Баласағұнның қоғам туралы ойларында, яғни қазіргі түсініктегі әлеуметтік философиясында әділет, бақыт, ақыл және қанағат ретінде бейнеленіп, «Құтты біліктің» төрт кейіпкерінің бойына жинақталған. Ғалам мен микроғаламның тұтастығы, барабарлығы туралы ой Жүсіп Баласағұн дүниетанымының өне бойынан байқалады. Бұл жалған дүниені ақыл тезіне салып түзетуге болатынына да сенген ғұлама әлемдік үйлесілімділік негізінде әділетті адамзат қоғамын құруды армандады. Сондықтан ол ғылым мен білімге зор мән берген. Жүсіп Баласағұн жалпыға ортақ парасаттың таңымның нәтижесі ретіндегі білімге көшуі адам мүмкіндігінің жүзеге асуы деп біледі. Ғұлама білімнің туа бітетіндігі жайлы пікірге қарсы шығып, оған парасатты іс-әрекеттің нәтижесінде қол жеткізуге болатынына сенеді. Білімге молынан сусындаған адам ғана көп нәрсеге қол жеткізе алады. Оның пікірінше, білім – даналық, денсаулық және жан толысуы. Жүсіп Баласағұнның ойынша, қоғам құрылымындағы кемелдіктің өлшемі әлеуметтік тәртіп бұзылғанда ғана көзге түсе бастайды. Сол кезде жаңа мұраттармен ұрандар пайда болып, халық қолдауына ие болады. Ол қоғамдық құрылымның кемелдігін жеке адамның бостандығы, тәуелсіздігі анықтайды деп санады. Жүсіп Баласағұн өзінің әлеуметтік философиясында қоғамдағы кемелдіктің негіздері мен іс жүзіндегі көріністерін өзара тығыз байланыста қарастырады. Танымдағы кемелдік – білік, оның іс жүзіндегі көрінісі - укуш деп біледі ол. Жүсіп Баласағұн өзінің еңбегінде зердеге айрықша тоқталған. «Құтты білікте» ол ең алдымен, даналық яғни қазіргі түсініктегі теориялық зерде туралы ой толғап, даналық табиғатын, оның ерекшелігін, туа біткен кабілеттері мен кейінгі білім жинақтаудағы адамның өз рөлі, таным процесінде ақиқатқа ұмтылу, т.б. мәселелерді қарастырады. Ғұлама өз туындысын Шығыс перепатизмінің арнасында, сопылық ағымның қуатты ықпалымен жазып шыққан. Ойлау қызметі тек адамға ғана тән, жануарларда жоқ қасиет деп біледі ол. Егер сезім алдамшы болса, онда оған толық сенуге болмайды, ал ақыл, зерде әрқашан адамға қызмет етеді, оның жалғандығы жоқ. «Құтты біліктің» негізгі айтар ойы – адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты, құтты ету. Кісілік кемелдену жолына түскен адам – өзінің қасиетіне, қалыбымен негізіне мейлінше жақындаған асыл жан. Дастан оқырманына құт-берекемен, бақытқа өз адамгершілігін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырады. Ондағы «өзіңді сақтау», «өзіңді ұмытпау», қағидасы адамның адамшылығын танытар қасиеті – адамгершілік пен кісілікті жетілдіруге бағыттылған [2,3].

М. Қашқари (XI ғ.) – ортағасырлық Шығыс ғалымдарының ішіндегі жарқын жұлдыздарының бірі, ұлы түркі филологы, ақын, әрі тарихшы. Ол көне түркі тілдерінің алғаш түсіндірме сөздігін «Диуани лұғат ат-түрк» - «Біртұтас түрік тілдерінің сөздігін» жазған. Бұл еңбек көне түркі филологиясы бойынша бізге жеткен жалғыз тұтас еңбек қана емес, сонымен бірге көне түркі филологиясының озық туындысы, көне тілдер қалпын терең зерттеумен қатар, сол дәуір тайпалары өмірінің энциклопедиясы, халық даналығының нағыз қазынасы. Кітапта көптеген өлеңдер, халық әндері, мақал-мәтелдер, жұмбақ, аңыздар мен ертегілер, сонымен қатар тарихи деректер келтірілген. «Диуани лұғат ат-түрк» оқырмандарға көне және ортағасырлар дәуіріндегі түркілердің

өмірі, астрономия, география, медицина, математика саласындағы білімі туралы мәлімет береді. М. Қашқари көне түрік тілін ғылыми тұрғыда зерттеп, оның жергілікті ерекшелігін бір-бірімен салыстырған, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған алғашқы тілші ғалым, философ, саяхатшы, этнограф. Махмұт Қашқар қаласында білім алған, сондықтан оны басқа Шығыс ғалымдары Қашқарлық Махмұт ретінде атаған. Ол Қашқар қаласымен шектеліп қалмай, Самарқанд, Бұқара, Нишапур, Мерв пен Бағдатта білім алуды жалғастырды. Ол өзінің сөздігіне қажетті материалдар жинақтау үшін көптеген түркі рулары мен тайпаларының тілі мен ауыз әдебиеті үлгілерін, тарихы мен дәстүрі, этнографиясын зерттеді. Осы мақсатпен Қашқар, Жетісу, Хорезм, Мәуереннахр жерлеріне саяхат жасады, тіпті түркілер Аттила (Еділ) жорығынан кейін қалып қойған Рим жеріне дейін барды, филологиялық мәліметтердің құнды қазынасын жиыстырып, өзі құрастырған сөздігіне өндеп енгізді [5].

«Диуани лұғат ат-түрк» - барлық түркі тілдес халықтардың ортақ рухани мұрасы. Сөздікте бар-жоғы 6000 сөз берілген, бұл сөздер түркі тілдес халықтардың көпшілігіне түсінікті. Кітапқа енген халық ауыз әдебиеті нұсқаулары, екі жүзден астам өлеңдер, қысқаша новеллалар, мақалдар мен мәтелдер көне түркі тілінің қалпы туралы неғұрлым толық түсінік қалыптастырып, сол кезеңдегі сөзжасам тәсілдері, сөйлем құрау принциптері туралы тың мәліметтерге бай. Осылайша, бұл кітап көне түркі әдебиеті бойынша әлемге әйгілі алғаш хрестосматия болып табылады. «Диуани лұғат ат-түрк» ортағасырлық түркі халықтары ой-санасының ғажайып ескерткіші, біздің көшпенді бабаларымыздың мәдениетінің айғағы болып табылатын құнды қазына.

Қожа Ахмет Яссауи – көрнекті орта ғасыр ақыны, діни қызметкер, сопылық ілімнің негізін қалаушы, тірі кезінің өзінде-ақ әулие болып саналған діни философ Сайрам (Испиджаб) қаласында туған. Нақта туған жылы белгісіз. Аңыз бойынша Ахметтің рухани жетекшісі мен тәрбиешісі әйгілі шейх Арыстан-баб. Ұстазы қайтыс болған соң, Ахмет Яссауи Бұқарға көшіп кетеді. Онда әйгілі шейх Қожа Жүсіп Хамаданидан дәріс алып, өзі де діндар ұстаз болып, «шындықты таныту жолын» үйрету құқығына ие болады. Бірқатар уақыт бойы Бұқара сопылары қоғамының басшысы болады, бірақ сенімі оны Ясы қаласына әкеледі. Ол мұнда діндарлық қызметін кеңінен жүргізіеді. Ясы қаласы XVI ғ. бастап Түркістан болып аталған. Ясыдан шыққан Қожа Ахметтің аты бүкіл мұсылман әлеміне кең тарады. Оны қарапайым адамдар қадір тұтқаны соншалық, оның қайырымды болуға, сараңдық пен екіжүзділікке қарсы дәрушілік философиясын құрған өлеңдері дала халықтары арасында кеңінен танымал басқа жерлерге таратты. «Даналық кітабы» - «Диуани хикмет» ислам дінін уағыздайтын, осы уақытқа дейін мұсылман заңдарын әлі толық сіңіріп бітпеген қарапайым халыққа бұл діннің мәні мен мағынасын түсіндіреді. Бұл кездеде түркі тайпалары тәңірлік дінді ұстанатын еді [4]. Араб-парсы тілдерінде жазылған кітаптар дала халықтарына түсініксіз болатын. Даналық кітабы арқылы халықтар ислам әлемімен, сопылық ағымның ой пікірімен танысты. Адамның рухани өмірінің таза болуы, ақиқатты іздеп табуды, ізгілік адамгершілікке шақыруы арқылы әділдіктен үлкен ештеңе жоғын айтады. Сондықтан Қожа Ахмет өз өлеңдерін түркілер, дала халықтары сөйлейтін – оғыз қыпшақ тілінде жазды. «Даналық кітабының» негізгі тақырыбы төртеу, біріншісі шариғат деп аталатын ислам заңдары мен дәстүрлерінің жиынтығы, екіншісі – тарихат, философиялық ілім ретіндегі сопылықтың идеялық мәні мен мақсаты, үшіншісі – марифат, бір ғана құдайдың діні ретінде исламды зерттеумен танудың қажеттілігі, төртіншісі – хақиқат, құдайды тану мен оған шынайы жақындауға ұмтылу. Аңыз бойынша құдайға шын сенген адамға бұл дүниеде ұзақ өмір сүрудің керегі жоқ, сондықтан Қожа Ахмет 63 жасқа жеткен соң мешіт жанындағы жерасты қылуетке түсіп, өмірінің қалған уақытын сонда өткізді. Жер астында Мұхаммед әулиенің нағыз шәкірті тағы да 63 жыл өмір сүрді деседі. Жерасты қызмет жанында оның көптеген шәкірттері, сонымен бірге отбасыда бірге өмір сүрген. 1116ж. өлген соң, ол әулие ретінде, арнайы тұрғызылған мавзолейге барлық сән-салтанатымен көмілді, кейініректе бұл жер мұсылмандардың зиярат ететін қасиетті жеріне айналды. XIV ғ. монгол шапқыншылығынан кейінгі қираған қалалар қалпына келтіріле бастады, соның ішінде Ясы қаласы да, онда жерлеген Қожа Ахметтің қызы Гаухар мен күйеу баласы Әли Қожа,

Баба-Араб мешіті және басқа да көптеген ортағасырлық ескерткіштер қайта жаңғырды [6]. Қожа Ахмет кесенесі зиярат етушілерінің көптеген сыйлары мен таратуларының арқасында сол уақыттың ең бай кесенелерінің біріне айналды. Әмір Темір бұл киелі жерлерді өзінше қастерледі. 1935 ж. Тоқтамысты жеңген соң, жеңіс құрметін ескерген Ахмет Яссауи кесенесінің орнына үлкен ғажайып мемориалды кешен тұрғызады. Бұл ескерткіш әлі күнге дейін біздерді ортағасырлық архитектураның ғажайып туындысы ретінде тамсандырып келеді. Ғұлама ақын адамдарды рухани тазалыққа, имандылыққа, хақ жолына адалдыққа, өмір бойы жете түсуге, дін ережелерін меңгеруге, мейірімділікке, қанағаттыққа шақырады.

Нәтижелері мен ескерілуі керек мәселелер:

Ортағасыр ойшылдарының көзқарастары халықтың әлеуметтік мақсаттарын ғана емес, қарапайым адамның да мақсаттарын қорғайды. Олардың еңбектері Қазақстан тарихын зерттейтін кез-келген адамға маңызы зор. Сондықтан, келешек ұрпақты ғұламалардың ғылыми еңбектерін оқып, оны ары қарай дамытуға жол ашуымыз керек. Егемен елдің келешегі жарқын болуы үшін – жастардың бойына имандылықты ұялату біздің борышымыз. Ұлы ғұламалардың ғибрат-ты еңбектері қанша уақыт өтсе де өз құндылықтарын жоғалтар емес. Бұл туындылар өскелең ұрпақ тарихты, тарихи шығармаларды, оқып, зерделеп болашаққа бастайтын жолдарының кеңесші жол көрсетушісі ретінде пайдалана алатын құнды еңбек екені сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна ltd» ЖШС. – 105 б.

2. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.

3. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна ltd» ЖШС, 2010. -115 б.

4. Қазақстан тарихы (көне заманнан күні бүгінге дейін) Бес томдық. 2-том 2. – Алматы, – 2010. – 597б.

5. Кашкари М. Словарь единого тюркского языка. В трех томах, Алматы, 1997.

6. Яссауи Кожа Ахмет. Диуани Хикмет. – Алматы, 1993. – 26 б.

ӘОЖ 378.147

ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ СҰРАНЫСТАРЫНА СӘЙКЕС ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ

ОБНОВЛЕНИЕ ТЕХНИЧЕСКОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ С УЧЕТОМ ЗАПРОСОВ ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ

UPDATE TECHNICAL AND VOCATIONAL EDUCATION TO SATISFY NEEDS INDUSTRIAL INNOVATION ECONOMY

У.Н. АЛАШАБАЕВА
U.N. ALASHABAYEVA

(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)
(Казахский государственный женский педагогический университет)
(Kazakh state teacher training university)
E-mail: Ulzhan.a@mail.ru

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында техникалық және кәсіптік білім жүйесінің қолданыстағы инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық жарақтандыруы кадрлар даярлаудың сапасы мен жастар үшін оқытудың тартымдылығын қамтамасыз ете алмайды. Мақаланың мақсаты экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарын ескере отырып, ТжКБ мазмұнының құрылымын жаңарту. Мақаланың

қорытындысы: техникалық және кәсіптік білім жүйесінің қолданыстағы инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық білім жүйесінде кадрлар даярлаудың сапасы мен жастар үшін келешекте қоғамның әлеуметтік дамуына себепкер болатын мамандардың біліктілігін жаңғырту қарастырылады.

В настоящее время существующая инфраструктура и материально-техническое оснащение системы технического и профессионального обучения (ТиПО) не обеспечивают качество подготовки кадров и привлекательность обучения для молодежи. Целью статьи является обновление структуры содержания ТиПО с учетом запросов индустриально-инновационного развития экономики. Выводы исследования: повышение престижа обучения в техническом и профессиональном образовании и развитии инфраструктуры подготовки кадров для отраслей экономики.

Currently, the existing infrastructure and logistical equipment system of technical and vocational training do not provide quality training and education appeal to young people. Purpose of the article is to update the structure of the technical and vocational training to satisfy needs of industrial-innovative development of the economy. The study's findings: increase the prestige of training in technical and vocational education and training infrastructure for industries.

Негізгі сөздер: техникалық және кәсіптік білім, статистика, индустриялық-инновациялық, экономика, индустрия, жаңғырту.

Ключевые слова: техническое и профессиональное обучение, статистика, индустриально-инновационный, экономика, индустрия, обновление.

Key words: technical and vocational training, statistics, industrially-innovative, economy, industry updates.

Кіріспе

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты ел болашағының бағытын түзеген кешенді бағдарламалық тапсырмалар топтамасы халықтың әл-ауқаты мен сапалық деңгейін көтеруді көздеген қадам. Осы кешенді тапсырмалар топтамасында жауапты орындарға берілген әр тапсырма аса маңыздылығымен қатар, жарқын келешекке жасалған 20 қадам бірін бірі толықтырып тұрған жақсы өмірдің тұтас жиынтығы деуге әбден болады. Мәселен, мемлекет азаматтарының тәрбие, білім және кәсіптік даму саласын жастар саясатын дамытуға берген нақты тапсырма толайым толықтырып тұр.

Кез келген ел экономикасының қарқынды дамуын қамтамасыз ететін жоғары білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлау – негізгі басымды бағыттардың бірі болып саналады. Содан да болса керек, кәсіптік және техникалық білім берудің маңыздылығына ерекше мән беріп, отандық экономиканың жоғары технологиялық салалары мамандандырылған еңбек ресурсын және дамыған ғылыми-техникалық базаны қажет етеді. Бұның барлығы кәсіптік білім беруде жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі. Өйткені, оқытушы жаңа білім беру технологияның, теория мен концепцияның авторы, талдап жасаушысы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихатшысы қызметін атқарады. Осы процесті басқару оқытушының өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе ғылымындағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс тандап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді.

Зерттеу нысаны мен әдістері

Қазақстандық қоғамды реформалау жағдайында техникалық және кәсіптік білім (ТжКБ) жүйесі тұлға мүдделерін, еңбек нарығының сұраныстарын, экономика мен әлеуметтік сфера дамуының перспективаларын қанағаттандыруда маңызды роль атқарады. 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жалпы мемлекеттік статистика деректері бойынша 882 ТжКБ оқу орны жұмыс істейді, 2005 жылмен салыстырғанда олардың саны 65-ке өсті(1-сурет). ТжКБ оқу орындарында 609 мың адам, оның ішінде 36,3 %-ы ғана мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алуда. Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарын даярлау 177 мамандық және 416

біліктілік бойынша жүзеге асырылады [1].

Қазір еліміздің іргелі кәсіпорындарына жаңа технология мен құрылғылардың қарқынды енгізілуіне байланысты оқыту үдерісі мен өндірістік тәжірибе арасы алшақтай түскені байқалады. Себебі, ескі жабдықтар бойынша оқып-үйренген жас маманның өндіріс орнына барғанда қайта мамандануына тура келеді.

Сонымен қатар еңбек нарығында кәсіби стандарттардың, мамандарға қойылатын қазіргі заманғы біліктілік талаптарының болмауы индустрия және жұмыс берушілер сұраныстарына кадрларды даярлау мазмұнының барабарлығына қол жеткізуге мүмкіндік бермейді.



Сурет 1 - Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының желісі.

Нәтижелер мен оларды талқылау

Білімге негізделген экономика және қоғам, өмір бойы оқыту – бәсекеге қабілеттілік пен жаңа технологияларды қолдану проблемаларын шешудің, әлеуметтік бірлікті, тең мүмкіндіктер мен өмір сапасын жақсарту тәсілдері болуы тиіс.

Демек, біріншіден ТжКБ жетілдірілген жүйесі ең үздік әлемдік тәжірибені ескеріп, жастарға мансаптық өсуге және білім алуды жалғастыруға мүмкіндік беру керек.

Екіншіден, техникалық және кәсіптік білімнің құрылымы мен мазмұнын экономиканың индустриялық-инновациялық дамуының сұраныстарын ескере отырып жаңарту (2-сурет).

Білім алушылардың практикалық дағдыларын дамыту үшін оқу жоспарларындағы кәсіптік практиканың үлесі 60%-ға дейін жоғарлау тиіс. Бұл үшін практика базасы жұмыс берушілермен әріптестік есебінен кеңейтіледі. Білім алушылардың бойында қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыратын заманауи білім беру технологиялары оқу процесіне енгізіледі. Озық әлемдік тәжірибе мен қолданбалы зерттеулер жүргізудің нәтежесінде ТжКБ жүйесінде ғылыми-әдістемелік бағдарламалары жүзеге асырылады.

Соның ішінде, кәсіптік-техникалық білім берудің ортақ жүгін өндіріске бағыттау қажет, сол арқылы сапа мен сұраныстың артуы да қамтамасыз етілмек. Сонымен бірге білім беру мазмұнының әлемдік тәжірибе эквиваленттілігіне жету қажет, әсіресе орта буынның біліктендірілген мамандарын көп салаларда импорттау. Жұмыс берушілер мен жергілікті басқару органдарының өзара әрекетін қамтамасыз ету өте маңызды. Сондай-ақ жоғары білім жүйесіндегі Назарбаев университеті сияқты «өсу нүктесі» болатын, төрт өңіраралық кәсіптік орталықтарды құру мен олардың қызметтерін бастау мәселелерін шешу қажет. Мұның бәрі, тұтастай алғанда, ТжКБ жүйесі үшін оқыту мазмұнын, материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз ету деңгейін көтеруге ықпал етуі тиіс. Бұл – Қазақстан үшін түбегейлі жаңа міндеттің қойылуы. Тек осылай ғана экономикамыздың, салалар мен кәсіпорындарымыздың орта буын білікті кадрларына деген қажеттілігін қанағаттандыруға болады.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында инновациялық кәсіптік білім беру жүйесінің басты міндеті – білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттардың талаптарына сәйкес [2,3]:

▪ кадрларды ұлттық біліктілік жүйесі негізінде даярлау толықтай еңбек нарығының сұраныстарына сәйкестендіру;

▪ оқу орындарының оқу-өндірістік шеберханалары мен зертханалары

▪ замауи оқу-өндірістік және технологиялық жабдықтармен, ақпараттық технологиялармен қамтамасыз ету;

▪ кәсіпорындардың нақты сұраныстарын ескере отырып, кооперативтік оқыту кең түрде енгізу;

▪ бизнес пен кәсіби қауымдастық ТжКБ-ны дамытуға және кадрлар даярлауға белсенді қатысу;

▪ экономика салаларында жұмыс берушілердің қатысуымен біліктілікті

▪ сертификаттаудың тәуелсіз орталықтары жұмыс істеу.

Бұл – Қазақстан үшін түбегейлі жаңа міндеттің қойылуы. Тек осылай ғана экономикамыздың, салалар мен кәсіпорындарымыздың орта буын білікті кадрларына деген қажеттілігін қанағаттандыруға болады. Бұл салаға арналған стратегиялық жоспарлау қағидаты, міне, осындай.



Сурет 2- ТжКБ берудің инфрақұрлымы.

Қортынды

Қорыта келгенде, ТжКБ жүйесі еліміздің Үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы аясында, жастарға сапалы білім, саналы тәрбие бүкіл оқу орнындарында білім беру ісін оқытудың озық инновациялық қызметтің жаңа инфрақұрылымын құру, толықтыру, оқытудың жаңа технологияларын іздестіру, ақпараттық технологияларды болашақ мамандарды оқыту ісінде тиімді пайдаланып, оны келешекте қоғамның әлеуметтік дамуына себепкер болатын мамандардың біліктілігін жетілдіру. Осы тұрғыда жоғарыда айтылғандай, жастарды жалпыға ортақ еңбек қоғамын құруға бағыттау керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам мақаласы. http://personal.akorda.kz/kz/category/-statyi/1352.

2. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана, 2008.-20б.

3. Қазақстан Республикасының Ресми сайты: http://www.mcfr.kz/about/news/2422/43257/.

УДК 37.013.41

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕТУДІҢ ИННОВАЦИАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОМУ ЯЗЫКУ

INOVATIVE METHODS OF TEACHING OF THE STATE LANGUAGE

А.Ж. БАЙМУРАТОВА
A.Zh. BAIMURATOVA

(Алматы технологиялық университеті)
(Алматинский технологический университет)
(Almaty Technological University)
E-mail: asel-aska83@mail.ru

Мақаланың көкейкестілігі: техникалық жоғары оқу орындарында оқитын студенттерге өзге тілді меңгертудегі жаңа әдістемелік тәсілдерді пайдаланудың маңыздылығы қарастырылады. Зерттеудің нәтижелері: Өзге тілді аудиторияларда мемлекеттік тілді меңгертуде педагогикалық жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға байланысты іс-тәжірибелерді таратып, техникалық жоғары оқу орындарында білім беретін оқытушылардың тәжірибесіне енгізу қажет.

Актуальность статьи обусловлена важностью обучения государственному языку студентов технических вузов в иноязычной аудитории. Практическая значимость исследования заключается в использовании педагогических инноваций при обучении государственному языку. Выводы исследования: использование на уроке таких инновационных методов как интервию, самооценка и т.д. делают урок продуктивным и интересным для студентов технических вузов.

The actuality of this article is stipulated on the importance of studying state language of students who study in technical high institutions in non-lingual auditorium. Practical importance of the research is concluded in using pedagogical innovation while studying state language. The newest of is stipulated on the precedent texts which are not the subject of intercultural communication learning before. The research conclusion: precedent texts are necessarily to be considered as the subject of intercultural communication and include in the program of non-native language learning for the students of technical universities.

Тірек сөздер: мемлекеттік тіл, оқыту процесін ізгілендіру, интербелсенді оқу.

Ключевые слова: государственный язык, гуманизация учебного процесса, интерактивное обучение.

Key words: state language, humanization of study process and interactive study.

Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – жастар. Оларға қазіргі заман талабына сай жан-жақты білім беріп, өз бетімен ой тұжырымдайтын, өздігінен ойлай білуге талпынуда ықпал ететін – оқытушы қауым, сондықтан ұстаздар мен оқытушыларға сабақ түрлерін жетілдіріп, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана сабақ беру, оқыту процесін ізгілендіру, оның практикалық бағытын дамыту, яғни «инновациялық процесс» немесе педагогикалық жаңалықтар енгізу сияқты маңызды әрі жауапкершілігі жоғары міндеттер жүктеледі.

Оқытудың жаңа технологиясы оқу орындарында оқу үрдісіне қажетті әдіс, тәсіл, амал, дидактикалық талап секілді психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешен ретінде пайдаланылады. Ол тіл үйренушінің тәртібіне, оқу ынтасына, оқу іс-әрекетіне игі әсер етумен қатар, педагогиканы

нақты ғылымға жақындату, мұғалімдердің интеллектуалдық, шығармашылық қызметі болып табылатын педагогикалық іс-тәжірибесінің нәтижелілігіне, жинақылығына ұтымды әсер ететіндей оқу-тәрбие үдерісінің басты күре тамыры рөлін атқарады. Олай болса, жаңа технология – оқу тәрбие үдерісінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас компоненті [1].

Болашақта дамыған елдер қатарына ену үшін де, бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылу үшін де ең қажетті – ол – білім, сондықтан оқытудың әр түрлі технологиялары зерттеліп, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибелері оқу процесіне енгізілуде.

Жаңа технологияны меңгеруде педагогтардың жан-жақты әрі терең білімді болуы шарт және олардың алдында сапалы білім беру міндеті тұр. Осы орайда елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Білім беруді жаңартуды жалғастыру қажет. Жоғары оқу орындарының инновациялық қызметке өту тетіктерін әзірлеу, білімнің сапасын көтеру және қолжетімділігін кеңейту үшін білім беруді қолдаудың жаңа қаржылық –экономикалық құралдарын енгізу керек. Сапалы білім беру Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуының негізі болуы тиіс»,- деп атап көрсеткен [2].

Енді инновация ұғымына тоқталайық. «Инновация» ұғымы кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», «жаңалық енгізу» деп көрсетілген.

«Инновация» термині ағылшынның «innovation» деген сөзінен шыққан. Ол – «жаңашылдықты енгізу, жаңа тәртіп» деген ұғымды білдіреді.

Зерттеу нысаналары мен әдістері:

Инновация көптеген ізденістер мен үлкен қауым педагогтардың іс-тәжірибесінің нәтижесінен пайда болады. Жаңа технологиялардың өркендеуі оқу үдерісінде интербелсенді әдістер мен интербелсенді оқытумен жалғасады. «Интербелсенді әдістер» тіркесін оқушылардың өзара әрекет етуіне жағдай жасайтын әдістер, ал «интербелсенді оқыту-ды» өзара әрекет етуге негізделіп құрылған оқу деп түсінуге болады. Интербелсенді әдістердің мәні – әрбір оқушының өзге оқушылармен өзара белсенді байланыста болып, оқытушымен бірлесе отырып, түрлі техникалық құралдарды да пайдалана белгілі бір нәтижеге жетуі [3]. Интербелсенді оқуда студент білімді өздігімен игереді. Оның мақсаты күнделікті болмысты адам мұқтаждарына сәйкес түбегейлі өзгерту, «құзырлылық» (компе-тенция) тұжырымы бойынша құзырлардың (компетенциялардың) қалыптасуына тиімді орта мен жағдай жасау. Мұнда студент өз біліміне деген жауапкершілікті түсінеді, білімді өздігімен игереді, өзіне қажет білімді айқындайды. Ал оқытушы студенттердің қабілеттерін дамытуда олардың өзіндік көзқарастарын қалыптастыруға, оны дамытуға, ақпаратты өздігімен игеруге, талдауға, шешім қабылдауға, мазмұн құруға, мәселелерді анықтап, оны шешу жолдарын қарастыруға, келіссөздер мен пікірталастар жүргізе білуге, өз пікіріне басқаны иландыра білуге және бітімге келуге әрекеттендіреді. Осылайша студенттің өз біліміне деген жауапкершілігі артады, бастамашыл, белсенді болуға дағдыланады. Тәжірибеде жиі қолданылатын әдістер рөлдік, іскерлік, оқыту ойындары,түрлі тапсырмалар мен жаттығулар, топсеруендер (экскурсия), жарыстар, көрмелер, қойылымдар, интерактивті әдіс, білім алушы оқытушы ретінде, көрнекі құралдар қолдану, талқылау, пікірталас, симпозиум, келіссөздер мен медитация т.б.

Нәтижелер мен оны талқылау:

Сапалы білім беру жолы тек қана белсенді және интербелсенді әдістерді қолдануда ғана емес, оқыту үдерісінде барлық әдістер мен оқу деңгейлері маңызды. Сабақты жүргізу әдісі әр жағдайда оның мақсатына, білім алушылардың дайындық деңгейіне, оқытушының тәжірибесіне байланысты таңдалған жөн. Жоғары нәтижеге жетуде оқытушы студентке қысым жасамай, оларға еркіндік беріп, сұхбаттасып (диалог арқылы), мәдени ықпал жасаған орынды. Оқытудың жаңа технологиясы студенттің адамгершілік қасиеттерді иемденуінің басты тәсілі өзара сұхбаттасу, қоғамда қарым-қатынас жасау, басқаны түсіну дегенді меңзейді, яғни диалог – оқу мен оқытудың басты құралы деп айтуға болады. Әлемді тануда сұхбатты өмірдің мәні деп ұғу ерте кезден-ақ белгілі болған. Қазақ халқының ұлттық философиясы да дидарласу, сұхбаттасу (диалог), қатынасу әрекеттерінің тұлғаның танымдық қасиетін дамытатынын дәлелдей түседі [4].

Бөлтірік шешеннен : «Өмірдің мәні не: бала ма, бақ па, дәулет пе?» – деп сұрағанда, шешен былай деген екен: Бала деген артта қалған із емес пе, бақ деген аспанда ұшқан құс емес пе, дәулет деген қолда ұстаған мұз емес

пе? Бұл өмірдің мәні – сіз бен біз емес пе?!»

Оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген тәжірибелі және жаңашыл ұстаздар диалогтың оқу үрдісінде алар орнының ерекше екенін атап көрсетеді.

Жоғарыдағы әдіс-тәсілдерді саралай келе Алматы технологиялық университетінің 1-курс студенттеріне арналған сабақ үлгісі берілді.

Сабақ тақырыбы: Қазақстан Республикасының мерекелері. Одағай.

Сабақтың мақсаты:

1. Студенттерді дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, сөздік қорларын молайту, лексикалық, грамматикалық материалдарды меңгерте отырып, өз бетінше жұмыс істеу арқылы өзіндік қорытынды шығаруға, өзара бақылауға, бағалауға, ойларын толық жеткізе білуге, сауатты жазуға дағдыландыру. Білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, сабақтағы қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру, тілді қатынас құралы ретінде меңгерту.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: түсіндіру, салыстыру, көрнекілік, бақылау, сөздік және т.б.

Сабақта қолданылатын көрнекілік құрал-жабдықтар: проектор, сазды бейнебаян «Қазақстан Республикасының мерекелері», тақта, үлестірмелі карточкалар (тест тапсырмалары).

Сабақтың құрылымы:

I. Ұйымдастыру жұмысы

II.Үй тапсырмасын сұрау

а) «Одағай» сөздерді қолдана отырып, ойын ойнау;

«Асханада» тақырыбына сұхбат құрастыру. (Тамақ өнеркәсібі бойынша)

АСХАНАДА

- Ақерке, саған біздің асхана несімен ұнайды?

- Пай-пай, асхананың іші неткен тамаша! Япырау, барлық тағамдарының дәмділігін айтсаңшы!

- Ей, онда асханаға барып тамақтанып алайық.

- Oho, табылған ақыл. Жүр, барсақ барайық.

ә) Студенттердің өздік жұмысын тексеру. Тест сұрақтары бойынша тапсырмаларды талдау.

б) Жауаптарын анықтау.

Дәптермен жұмыс.

Одағай сөздермен сөйлем құру.

Япырмау, мұның сүті қайда өзі! Туу, мына қымыздың қышқылын-ай! Сенімен бірге ет тұздасам деймін.

III. Жаңа сабақ.

1. Топқа «Алақай» сөзі қандай көңіл күйді білдіреді? деген сұрақ арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашу.

Жауап:

-Мерекелерде қуанамыз!

-Ендеше, біздің бүгінгі жаңа сабағымыз мемлекетімізде тойланатын мерекелерге байланысты болады.

2. Ділдабекова Салтанаттың мерекелерге байланысты слайд-шоуын көрсету, студенттердің сұрақтарына жауап беру.

3.Тұсаукесер

Тақырыбы: Қазақстан Республикасының мерекелері.

IV. Мәтінмен жұмыс.

4.1. Мәтінді өз бетімен оқу, мәтіндегі таныс емес жаңа сөздерді табу және оларға түсінік беру.

4.2. Сөздік жұмыс. Мәтіндегі таныс емес сөздерді дәптерге жазу.

Мысалы:

Христиандар – Рождество –

Пасха – Ресми –

4.3 Мәтіннің мазмұнына қарай 10 сұраулы сөйлем құру

4.4 Отбасыңыздағы мерекелері туралы әңгіме құрыңыз

4.5 Мәтін бойынша қандай әсер алғаныңыз жөніндегі өз пікіріңізді ортаға салыңыз.

- Алина, сен елімізде аталып өтілетін қандай мерекелерді білесің?

- Үсен, мен елімізде аталып өтілетін мерекелердің барлығын білем.

- Оның ішінде айтып өтер болсам, 22 наурыз - күллі мұсылман халқының жаңа жылы. 22 наурызда күн менен түн теңеледі. Көктемнің алғашқы айында тойланатын бұл мереке өте тамаша!

4.6.Сұхбат құру.

V.Оқулықпен орындалатын өздік жұмыс.

Оқулық бойынша (81 бет) тапсырмаларды орындау.

3-тапсырма.Көмекші сөздерді септеңіз.

Асты, алды, арты, үсті

Тест тапсырмасын орындау. Тест

1. Одағайды табыңыз: а) тық-тық; б) және; в) дейін; с) ғана; д) бәсе;

2. Еліктеуіш сөзді белгілеңіз: а) маң-маң; б) әрине; в) де; с) кейін; д) беу;

3. Бейнелеуіш сөзді көрсетіңіз: а) сықыр-сықыр; б) тырс-тырс; в) мырс-мырс;

с) жалт-жұлт; д) дүңк-дүңк.

4. Жалғаулықты табыңыз.а) зу; б) әрі; в) ақ; с) оһо; д) қарай;

5.Демеулікті табыңыз. а) түу; б) ше; в) бірге; с) мүмкін; д) егер;

6. Септеулікті табыңыз . а) кіс-кіс; б) ме; в) туралы; с) бірақ; д) қап;

7.Одағайды табыңыз. а) Менің байқауымша, сіздің халық-ақын халық; б) Салжігіт, Темірбекті біле келші; в) Тәйт, қылжақты қоя тұр; с) Ия, дұрыс айтасыз; д) Әсіресе, бүгінгі оқиға ерекше екен;

8. Шылауды табыңыз. а) Ah, бір өкініш, бір үміт; б) Е, оны қайдан білдің;

в) Дүние қалай ед? с) Мен он төрттемін, ал сен ше? д) Мынау-тау, мынау-төбе;

9. Шылау бар сөйлемді көрсетіңіз.

а) Білімнен асар байлық жоқ.; б) Қорқыныштан жүрегі тоқтап қалуы мүмкін;

в) Мәстек түйеден үркеді; с) Адамға адамды жанастыратын тіл-ау;

д) Өз інінде көртышқан көреген;

10. «Мыс...міс»-шылауларының мағынасы. а) күшейткіш; б) сұраулық; в) Шектік; с) Болжалдық; д) Лептік;

Тексеру, бағалау тәсілі: студенттер өзара бір-бірінің жұмысын тақтадағы дұрыс жауаппен салыстыра тексеріп, әр сұрақтың дұрыс жауабына 10 ұпай көлемінде баға қояды. Тест тапсырмасы 10 сұрақтан тұрады.

IV. Сабақты қорытындылау. Бүгін біз нені білдік, не үйрендік? деген сұрақ қою арқылы сабақты студенттердің өздеріне қорытындылату. Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын, оның қоғамдағы әлеуметтік рөлі туралы ойларын толықтырып, пысықтау.

Студенттердің сабақ барысында орындаған тапсырмалары мен берген жауаптары және тест нәтижесі бойынша білімдерін бағалау.

V. Үй тапсырмасы

Студенттердің сүйікті мерекесі туралы эссе жазып келу.

Қорытынды

Жоғарыдағы сабақ үлгісінде техникалық жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді үйретудің жаңа талаптарына сай түрлі әдістемелік тәсілдер қолдану арқылы мына төмендегідей жұмыстар атқарылды: Сұхбат, тұсаукесер, мәтінмен жұмыс, сөздік, тест тапсырмалары, өзара тексеру, бағалау. Қорыта келе, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалану – бүгінгі күннің басты талабы. Педагогикалық жаңа технологияны қолдану білімді сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларға негіз болады.

Жаңа заманның жан-жақты дамыған адамын тәрбиелеудің оңай еместігін ескеріп, педагогтар оқытуды ізгілендіру аспектілерін тиімді пайдаланып, шығармашылықпен еңбек етуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кішібаева Д.Ж., Есмұрзаев Н. Жаңашыл педагогтардың шығармашылығын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану жолдары. /Білім беру және ғылым: даму көкжиегі. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 26.03.2010. – 250-252б.

2. ҚР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 28.01.2011.

3. Назирова А. Мектептегі инновациялық технологияның орны // Бастауыш мектеп, 2004, №2. – 34б.

4. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. -Алматы, 2009. - 83б.

5. Сағымова А.С. Практикалық қазақ тілі. – Алматы, 2012. - 80б.

МАЗМҰНЫ

Техника және технологиялар

А.Н. Жақатаева, Р.У. Уажанова
Амарант дәнінен ұн алу технологиясының зерттемесі 5
Ж.Х. Какимова, Е.В. Ясинская
Құрамында йод бар арнайы сыра технологиясын жасап шығару 9
А.К. Жаппарова, Т.П. Герасимович, А.К. Құдабаева
Кіші мектеп жастағы балалар үшін тиімді гардеробты қалыптастыру. Жариялау 1 14
А.К. Жаппарова, Т.П. Герасимович, А.К. Құдабаева
Кіші мектеп жастағы балалар үшін тиімді гардеробты қалыптастыру. Жариялау 2 21
Р.А. Ізтелиева, Р.У. Уажанова, А. Жақатаева, А. Сәрсекова, С. Ибраимова
Консервіленген қоян етінің тағамдық құндылығы және қауіпсіздігі 26
У.С. Келесова
Киім индустриядағы тігін кәсіпорындарының ассортименттік құрылымын құру үдерісін талдау 30
У.С. Келесова
Тігін кәсіпорындарының ассортименттік құрылымын ақпараттық қамтамасыз етуін әдістемелік негіздеу 35
Д.Р. Даутқанова, Н.Б. Даутқанов, Г.А. Тұяқова, Д.Б. Абдраимова, А.Т. Қажымұрат
Нан өндірісіндегі жаңа табиғи қант алмастырғыш 40
А. Бүркітбай, А.К. Назарбаева, Ж.К. Какенова
Мақта матасының тұтынымдық қасиеттерін жақсарту мақсатында полимер композициясын пайдалану 44
А. Бүркітбай, И.Е.Битус
Композиция құрамымен өңделген жүннің антимикробтық қасиетін зерттеу 47
Л.В. Логинова, А.Н.Тасымбекова, А.Ж. Құтжанова
Жүн талшығын төменгі температурада боялу және соңғы өңдеу процестерін біріктіру 51
К.Ж. Дүйсенбиева, Л.В. Логинова, А.Ж. Құтжанова
Алдын – ала өңдеудің мақта – полиэфир матасына сублимациялық суретбасу кезінде бояу қанықтылығына әсері 55
С.В. Хромцов, Б.Р. Рашидова
Электр ойыншықтарының қауіпсіздігін анықтау кезіндегі тоқ ағымы өлшемінің ерекшеліктерін әуе саңылаулармен бірге есепке ала отырып талдау 59
Г.Н. Станкевич, О.И. Гапонюк, И.Н. Буценко
Үлкен диаметрлі қазіргі метал сүрлемдерде дәнді сақтаудың күрделі мәселері 62
Г.Н. Станкевич, Л.К. Овсянникова, А.Г. Соколовская, С.С. Орлова
Метал сүрлемдеріндегі балжүгері дәнін сақтау ерешеліктері 66
Д.А. Шаншарова, Ж.К. Үсембаева, Д.Б. Абдраимова, А.А. Хакимжанов, Л.Б. Өміралиева, К. Жанабаева
Нан өндірісіне биологиялық активті компаненттерді қолдану перспективасы 70
А.А. Асқарова, А.Б. Оспанов, А.Д. Асқаров
Элеватор конвейерлерінің тиеу–түсіру пункттерін жетілдіру 73
М.Р. Баева, Й.Н. Алексиева, ИЛ. Милькова-Томова, Ж.Т. Горанова
Бисквитті тахинмен дайындау 78

Жаратылыстану ғылымдары

Ж.С. Кудиярова, Ж.Т. Лесова, Н. Муттукумару, Н.Д. Хэлфорд
Бидай аспартаты синтезіне қатысатын ферменттердің стресс жағдайларындағы белсенділігі 83
А. Айдосов, Н.С. Заурбеков, И.С. Заурбеков, Г.Н. Заурбекова
Атмосфераның шектік қабатында зиянды қоспалардың таралуы мен әсерлесуінің моделін сандық есептеу тәжірибелік нәтижелері 88

Білімдегі инновациялар

В.З. Крученецкий, В.В. Крученецкий
Нанотехнологиялар негіздерін зерттеу туралы 96

З.Ж. Аухадиева, С.Н. Ким
Алматы технологиялық университет студенттерін шетелдік әріптестермен іскерлік қарым-қатынасқа дайындау 102
А.К. Закирьянов, А.С. Алдекен
Қазақстанның орта ғасыр ғұламаларының идеялық көзқарастары 108
У. Н. Алашабаева
Индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту 112
А.Ж. Баймұратова
Мемлекеттік тілді үйретудің инновациалық тәсілдері 116

СОДЕРЖАНИЕ

Техника и технологии

А.Н. Жакатаева, Р.У. Уажанова
Разработка технологии получения муки из семян амаранта 5
Ж.Х. Какимова, Е.В. Ясинская
Разработка технологии специального йодсодержащего пива …… 9
А.К. Жаппарова, Т.П. Герасимович, А.К. Кудабаева
К вопросу формирования рационального гардероба детей младшего школьного возраста. Сообщение 1 …… 14
А.К. Жаппарова, Т.П. Герасимович, А.К. Кудабаева
К вопросу формирования рационального гардероба детей младшего школьного возраста. Сообщение 2 ……... 21
Р.А. Изтелиева, Р.У. Уажанова, А. Жакатаева, А. Сарсекова, С. Ибраимова
Безопасность и питательная ценность консервов из мяса кролика 26
У.С. Келесова
Анализ процесса формирования ассортиментной структуры швейных предприятий в индустрии одежды …….. 30
У.С. Келесова
Методическое обоснование информационного обеспечения Ассортиментной структуры швейного предприятия …… 35
Д.Р. Даутканова, Н.Б. Даутканов, Г.А. Туякова, Д.Б. Абдраимова, А.Т. Кажымурат
Новый природный сахарозаменитель в хлебопекарной промышленности 40
А. Буркитбай, А.К. Назарбаева, Ж.К. Какенова
Применение полимерной композиции для улучшения потребительских свойств хлопчатобумажной ткани 44
А. Буркитбай; И.Е.Битус
Исследование антимикробных свойств шерсти, обработанных композиционным составом …… 47
Л.В. Логинова, А.Н.Тасымбекова, А.Ж. Кутжанова
Совмещение процессов низкотемпературного крашения и заключительной отделки шерстяного волокна …… 51
К.Ж. Дюсенбиева, Л.В. Логинова, А.Ж. Кутжанова
Влияние предварительной обработки на интенсивность окраски при сублимационной печати хлопко-полиэфирной ткани ……... 55
С.В. Хромцов, Б.Р. Рашидова
Анализ особенностей измерения утечки тока с учетом воздушных зазоров при определении безопасности электрических игрушек …….. 59
Г.Н. Станкевич, О.И. Гапонюк, И.Н. Буценко
Проблемные вопросы хранения зерна в современных металлических силосах большого диаметра … 62
Г.Н. Станкевич, Л.К. Овсянникова, А.Г. Соколовская, С.С. Орлова
Особенности хранения зерна сорго в металлических силосах …….. 66
Д.А. Шаншарова, Ж.К. Усембаева, Д.Б. Абдраимова, А.А. Хакимжанов, Л.Б. Умиралиева, К. Жанабаева
Перспективы использования биологически активных компонентов в технологии хлеба …….. 70
А.А. Аскарова, А.Б. Оспанов, А.Д. Аскаров
Совершенствование пунктов перегрузки элеваторных конвейеров 73
М.Р. Баева, Й.Н. Алексиева, ИЛ. Милькова-Томова, Ж.Т. Горанова
Приготовление бисквита с тахинами 78

Естественные науки

Ж.С. Кудиярова, Ж.Т. Лесова, Н. Муттукумару, Н.Д. Хэлфорд
Активность ферментов пшеницы, связанных с синтезом аспартата при стрессовых условиях …… 83
А. Айдосов, Н.С. Заурбеков, И.С. Заурбеков, Г.Н. Заурбекова
Вычислительный эксперимент реализации численных расчетных моделей переноса и диффузии примеси в пограничном слое атмосферы …….. 88

Инновации в образовании

В.З. Крученецкий, В.В. Крученецкий
Об изучении основ нанотехнологий ……. 96
З.Ж. Аухадиева, С.Н. Ким
К вопросу о подготовке студентов Алматинского технологического университета к деловому общению с иностранными партнерами …… 102
А.К. Закирьянов, А.С. Алдекен
Идейные взгляды мыслителей средневекового Казахстана 108
У. Н. Алашабаева
Обновление технического и профессионального образования с учетом запросов индустриально-инновационного развития экономики ……... 112
А.Ж. Баймуратова
Инновационные методы обучения государственному языку ……..... 116

CONTENTS

Engineering and Technology

A.N. Zhakatayeva, R.U. Uazhanova
Development of technology of receipt of flour from seed of amaranth …… 5
Zh.Kh. Kakimova, Ye.V. Yassinskaya
Development of special iodine-containing beer manufacturing technology …… 9
A.K. Zhapparova, T.P. Gerasimovich, A.K. Kudabayeva
To question of the shaping the rational cloakroom children younger school age. Message 1 14
A.K. Zhapparova, T.P. Gerasimovich, A.K. Kudabayeva
To question of the shaping the rational cloakroom children younger school age. Message 2 21
R.A. Iztelieva, R.U. Uashanova, A. Zhakatayeva, A. Sarsekova, S. Ibraimova
The safety and nutritional value of canned rabbit meat ……... 26
U.S. Kelessova
Analysis of the methods of the shaping the assortment structure sewing enterprise in industry of the cloth .. 30
U.S. Kelesova
Methodical motivation of the dataware of the assortment structure of the sewing enterprise ……. 35
D.R. Dautkanova, N. B. Dautkanov, G.A. Tuyakova, D.B. Abdraimova, A.T. Kazhymurat
New natural sugar substitute in baking industry 40
A. Burkitbai, A.K. Nazarbayeva, J.K. Какenova
Application of polymeric composition for improvement of consumer properties of the cotton fabric 44
A. Burkitbai, I.E. Bitus
Research of antimicrobic properties of the wool processed by composite structure …… 47
L.V. Loginova, A.N. Tassymbekova, A.Zh. Kutzhanova
Combination of processes of the low temperature dyeing and final finishing of woolen fibre ……... 51
L.V. Loginova, K.Zh. Dyussenbiyeva, A.Zh. Kutzhanova
Influence of preliminary processing on intensity of coloring at the sublimation press of cotton-polyester fabric 55
S.V. Khromtsov, B.R. Rashidova
The analysis of features of measurement of outflow of a current in view of air backlashes at definition of safety of electric toys …… 59
G.N. Stankevich, O.I. Gaponyuk, I.N. Butsenko
Grain storage issues in modern metal silos of large diameter …….. 62
G.N. Stankevich, L.K. Ovsyannikova, A.G. Sokolovskaya, S.S. Orlova
Features of sorghum grain storage in metallic silos ……. 66
D.A. Shansharova, Zh.K. Usembayeva, D.B. Abdraimova, A.A. Hakimzhanov, L.B. Umiraliyeva, K. Zhanabayeva
Prospects for the using of biologically active components in the technology of bread 70
A.A. Askarova, A.B. Ospanov, A.D. Askarov
Improvement of elevator conveyors overload 73
M.R. Baeva, I.N. Alexieva, I.V. Milkova-Tomova, Zh. T. Goranova
Preparation of sponge cakes with tahini pastes 78

Natural sciences

Zh.S. Kudiyarova, Zh.T. Lesova, N. Muttucumaru, N.G. Halford
The activity of enzymes associated with aspartate synthesis of wheat at stress conditions ……. 83
A. Aidossov, N.S. Zaurbekov, I.S. Zaurbekov, G.N. Zaurbekova
Computational experiment implementation of numerical calculation model of transport and diffusion impurities in the atmospheric boundary layer 88

Innovation in Education

W. Kruchenetsky, B.V. Kruchenetsky
About learning the basics of nanotechnology …….. 96
Z.Sh. Aukhadiyeva, S.N. Kim
The question about preparing the students of almaty technological university to business communucation with the foreign partners 102

A.K. Zakiriyanov, A.S. Aldeken
Ideological views of thinkers of medieval Kazakhstan 108
U.N. Alashabayeva
Update technical and vocational education to satisfy needs industrial innovation economy …….. 112
A.Zh. Baimuratova
Inovative methods of teaching of the state language ……... 116